

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 06-7/120 бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес, "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысына сәйкес жүргізілген нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторинг нәтижелері б о й ы н ш а ,

### Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Агенттіктің Мемлекеттік қызмет персоналын басқару бөлімі (Ж.Ш. Сәрсенов) осы бұйрық күшіне енген күннен бастап бір апталық мерзімде бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және оны одан әрі ресми ж а р и я л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

*А.Байменов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі  
Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы  
№ 06 - 7 / 1 2 0 б ұ й р ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған тізімі

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (Бұдан әрі - Агенттік) Төрағасының "Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы" 2011 жылғы 21 ақпандағы № 02-01-02/32 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 14 наурыздағы № 6801 болып тіркелді, "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 160-163 (26565) және " Казахстанская правда" 2011 жылғы 16 сәуірдегі № 129-130 (26550-26551) газеттерінде ж а р и я л а н ғ а н ) .

2. Агенттік төрағасының "Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет

істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 21 ақпандағы № 02-01-02/32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2011 жылғы 6 қыркүйектегі № 02-01-02/189 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 қыркүйекте № 7216 болып тіркелді, "Казахстанская правда" 2011 жылғы 2 қарашадағы № 349 (26740) газетінде жарияланған).

3. Агенттік төрағасының "Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 21 ақпандағы № 02-01-02/32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 7 қарашадағы № 02-01-02/155 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 8 қарашада № 8062 болып тіркелді, "Егемен Қазақстан" 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 802-806 (27877) және "Казахстанская правда" 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 421-422 (27240-27241) газеттерінде жарияланған).